СҰХБАТ

Отбасында да, қызметте де жан-жағындағы адамдарға бірдей қамқор, бәйтеректей саялы, аяулы жандар болады. Сондай ардақты жанның бірі – Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы Нұргүл Сербурина. Алпыстың асқарына шыққан әріптесімізбен болған сыр-сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

1962 жылы 2 сәуірде Жарма ауданының Белтерек ауылында дүниеге келді. 1969 жылы Белтерек орта мектебінің табалдырығын аттады. 1979 жылы Семейдің Н.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, оны 1983 жылы тәмамдады. Еңбек жолын бұрынғы Мақаншы ауданындағы Көктал ауылында мұғалім болып бастаған Нұргүл Абылқасымқызы бүгінгі таңда Семей қаласының М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы болып қызмет атқарады.

Нұргүл СЕРБУРИНА, ұстаз:

– Шәкіртсіз өмірімді елестете алмаймын

– Әңгімемізді сіздей асыл жанды өмірге әкелген, тәрбиелеп-өсірген ата-анаңыздан бастасақ...

– Мен 1962 жылы 2 сәуірде Жарма ауданының Белтерек ауылында дүниеге келдім. Әкем Сербурин Абылқасым Бүркітбайұлы Алматы қаласында ҚазПИ-дің жанынан ашылған рабфакті бітірген. Соғысқа дейін Жарма ауданының Қожал, Ақбұзау, Балықтыкөл ауылдарында мұғалім болды. Анам Сербурина Шамжан Қабдоллақызы көп жылдар мектеп жанындағы интернатта түнгі күтуші болып жұмыс істеді. Анам өте ісмер адам болған. Анасы ерте өмірден өткен соң өзінен кейінгі балаларға қарап, оқи алмаған. Өзінен үлкен екі апайын Семейде ашылған қыздар гимназиясына бергенімен, оқуды аяқтамай тұрмысқа шығып кетіпті. Содан болар, нағашы атамыз оқуға апармай, ауылдан ескіше хат танытқан екен. Бірақ ол кісінің білімі оқыған адамнан да артық болатын. Латынша хат танитын. Кітапты көп оқитын. Нағашы атам Қабдолла да ерекше тірі адам болған деседі. Қытаймен екі ортада сауда-саттық жасап, шиеттей балаларын асыраған. Анамыз жаз болса, алаша тоқып, текемет, сырмақ басатын. Киімнің түр-түрін тігетін. Тоқыманың неше түрін тоқып, әйтеуір, бос отырмайтын. Мен де кесте тоқып, біз ұстап, талпына бастағанда: «Осыны қайтесің, қазір бәрі дүкенде дайын тұр. Мен істесем, үйренген қол, соғыс кезінде майданға, ауыл-аймаққа тоқып, тігіп, бүтіндеп отырдық. Енді заман жақсы, ол күндер оралмасын», – деп күрсінетін.

Үйде төрт ағайындымыз. Үлкен апайым – Зиназайып (Зинаш) 1949 жылғы еді, полигонның салдары ғой, 1973 жылы миына қан құйылып дүниеден өтті. Екінші апайым Жамал Абылқасымқызы Жарма ауданында ұзақ жылдар мұғалім болып қызмет істеді. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, қазір зейнеткер. Ағам Айтмұхамет теміржол саласынан зейнетке шықты.

– Баланың ойынына қарап, болашақта кім болатынын байқауға болады дейді.

– Ойнауға шыққанда көрші үйдің балаларын «оқытудан» бастайтынмын. Өздері мектептен келіп, енді ойнайын деп шыққанда қалам-қағазымды, тақтаборымды сайлап мен тұратынмын. Ойын баласы емес пе, біраздан соң олар сытылып кете бастайтын... Ұстаздық жолды мен осылайша ерте бастадым (әзілдеп). Әке жолын қууды бала кезімнен армандадым. Әкемнің рабфакта Сәбит Мұқановпен қатар оқығаны, Ақбұзау ауылында Әзілхан Нұршайықовқа сабақ бергені туралы әңгімелері емісеміс есімде қалыпты. Әкем кітапты көп оқитын, жаңа кітаптарды сатып алып оқитын. «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын жаздырып алатын. Таңертеңгі шайда анам екеуі оқығанын ортаға салып, кейіпкерлерге әдеби талдау жасап отыратын. Содан болар, мен де әдебиетке жақын болдым.

1969 жылы Белтерек орта мектебінің табалдырығын аттадым. 1979 жылы мектепті аяқтап, Семейдің Н.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түстім. Қ.Мұхаметқанов, Ж.Шакенов, Қ.Шаяхметов, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, А.Еспенбетов, Н.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Сайлаубаева, Ж.Сарбалаев сынды ұстаздардан оқыдым. 1983 жылы институтты аяқтап, жолдамамен сол кездегі Мақаншы ауданындағы Көктал ауылына мұғалім болып бардым. Алғаш еңбек жолымды бастаған осы мектептен көп нәрсе үйрендім. 1984-85 жылдары туған жерім Белтерекке келіп, интернат меңгерушісі және қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып қабылдандым. Жоғарғы сыныптарға қазақ әдебиетінен сабақ бердім. Еңбек жолымда әкем мен анам жинаған кітаптардың пайдасы көп тиді.

Жоғарғы соттың судьясы, Конституциялық кеңестің мүшесі, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы болған Анар Жайылғанова – менің оқушым. Жалпы, туған жерімде еңбек еткен кезімде талай шәкірт тәрбиеледім. Айталық, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Қаршыға Муканова, туған жерімдегі Қажыгелді атындағы мектептің директоры Гүлсім Машрапова, сондай-ақ ішкі істер органдарында, әскери салада жұмыс істеп, зейнетке шыққан оқушыларым өте көп.

– Қырық жылдан асқан ұстаздық еңбек жолыңызда сүйікті мамандығыңыздың қызығымен қатар қиындығын да бастан кешірген боларсыз. Осы ретте ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтудегі ұстаздардың табандылығы, тілге деген жанашырлығы туралы айта кетсеңіз.

– 1986 жылы жолдасымды Шар ауданының Арқалық совхозына қызметке жіберіп, еңбек жолымды сонда жалғастырдым. Тәуелсіздік алған жылдары қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолындағы ағартушылық қызметім басталды. Сол жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Қазақ сыныптарының көбеюіне күш салдым. Республикалық «Атамекен» бағдарламасымен жұмыс істеп, Шар ауданы бойынша бірнеше рет семинар өткіздім. Тек мектепте емес, бүкіл ауылдың Наурыз мерекесін тойлаудың сценарийін жазып, ұлттық мерекеміздің мәнін ашу жұмыстарын жүргіздім. Ауылдан бес километр жерге киіз үй тігіп, әрбір мекеме Наурыз мерекесіне бір жаңалығымен келетін. Соған сай бағдарламалар жасалып, совхоз басшылығына бекіттіруші едік. Ана тілінің мәртебесі көтеріліп, бірауыз сөз жазу үшін немесе ұлттық салт-дәстүрге байланысты мәселелер болса, мектептен мені шақырып, пікіріммен санасып отыратын. Ұлттық салт-дәстүрімізге сай әртүрлі мәдени іс-шараларды көп өткіздім. Осындай шаралардың белсенді мүшелері болған шәкірттерім бұл күнде ақпарат саласында қызмет істеп жатыр. Атап айтсам, Ернұр Бурахан – «Қазақ радиолары» ЖШС-нің Бас директоры, Айсұлу Дүтпаева – «Маңғыстау Медиа» медиахолдингінің директоры және т.б.

1991 жылы мамандығым бойынша білім жетілдіру курсына келіп, Қинаят Шаяхметұлы, Қуандық Мәшһүр-Жүсіпов сияқты ұстаздарыммен кездескенде, мені және менен кейін оқу бітірген бірнеше түлекті институтқа оқытушылыққа шақырды. Алайда отбасын ойлап бара алмадым, бірақ кейін 1994 жылы Семейге көшіп келіп, №39 мектепке жұмысқа орналастым. Егемендік алған жылдары халқымыздың қазақ тіліне деген ықыласы ерекше еді. Сыныптарда 30-35 баладан оқиды, бала көп, оқулық аз. Жалақы айлап төленбей жатқан уақыт. Осы жылдары көп күш түскендіктен бе, көзімнің көруі нашарлап, денсаулығыма байланысты медициналық институтқа ауыстым. Мұнда да қазақ тілінің мәртебесін көтеруге күш салдық. Наурыз мерекесін институтта, қалада өткізу біздің қазақ тілі кафедрасының жауапкершілігінде еді. Оның ішінде жалғыз қазақ тілінің маманы ретінде мен бел ортасында жүретінмін. Қазақ топтарының көп ашылуына үлес қостық. Оқулық болмағандықтан орыс тілінен қазақшаға аударуға клиника оқытушыларына көмек көрсеттік. Ғылыми-медициналық журналды қазақша шығарғанда бастаушы редакторлық еткен кезім де болды. Бұл кезеңдер тәуелсіздіктің алғашқы қиын кезеңдері еді. Айлап жалақы алмаған кезде бала-шаға қамымен көп мұғалімдер базар жағалап, саудаға кетті. Мен оқушыларсыз өмірімді елестете алмаймын. Қызмет саласын ауыстырсам да, балалардың маңайында жүруді қаладым. Институтта қазақ топтары көптеп ашылып, орыс топтары, сағат азая бастады. Содан 2005 жылы сервис колледжіне қызметке ауыстым. Бұл жерде де тыным таппадым. Үйірме жүргізіп, сөйлеу мәнері, көркемсөз оқу, ақындық мектептердің басын қосып студенттерді даярладым. Республикалық, облыстық «Махамбет оқуларының» жеңімпазы Олжас Соғымбай, қалалық «Наурыз аруы» байқауында бас жүлдені жеңіп алған Қаршыға Жаукенова және басқа қалалық, облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпаздарын даярладым. Түрлі әдеби шаралар, кездесулер көп өткіздік. Оқу жылының соңында жыл бойғы абайтану жұмысының қорытындысы ретінде ұлылардың туған жеріне саяхатқа апаруды ұйымдастырдық.

Колледжде мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуші, мұрағатшы мамандар даярладық. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде, Ұлттық мұрағат орталығында жұмыс істеп жатқан түлектеріміз көп.

– Уақыт жүйрік қой, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде қызмет етіп жүргеніңізге де он шақты жыл болыпты.

– 2014 жылы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжіне оқу орнының директоры Жанаева Шағангүл Алдамжарқызының шақыруымен келдім. Ұлылардың ізі қалған білім ордасында да әріптестеріммен тез тіл табысып кеттім. Білікті басшы басқарып отырған, жұмыс реті қалыптасқан, оқу жұмысы, тәртіп пен тәрбие жолға қойылған үлкен ұжымда жұмыс істеп жүргеніме өзімді бақытты сезінемін. Бұл жерге келгеніме сегізінші жылға кеткен екен. Осы жылдар ішінде үш топ шығарыппын. Әсіресе маған ерекше ыстық болған – «Серпін» бағдарламасымен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген топ. Оларды өзім Қызылорда облысының сегіз ауданынан оқуға шақырып әкелген едім. Семейдің осындай білім ордасынан білім алғандарына өздерін бақытты санап, мың алғысын айтып, бұл тобым да жас маман ретінде түлеп ұшты.

– Білім беру жүйесінде өзгерістер көп, педагогтардың мәртебесін арттыруда түрлі қолдаулармен қатар талап та күшейді. Болашақ мамандарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Қырық жылға таяу уақыт шәкірттеріме білім беріп, тәлім-тәрбиесіне ерекше мән беріп келемін. Студенттеріме көмек қолын созып, қиналған кезде жандарынан табыла білдім. Оларды өте жақсы көремін. Мен оларды ешқашанда «жақсы, жаман» деп бөлмеппін. Осы жерде мына оқиға есіме түсіп отыр. Ауылда мектепте жұмыс істеп жүргенде 10-сыныпта оқитын Қ. деген оқушыны мұғалімдер «қиын» бала дейтін. Жасыратыны жоқ, басында қорықтым. Байқап қарасам, менің сабағымда жақсы отырады. Тыңдайды, сабақ та айтады. Ол әдебиетті жақсы көре бастады. Бір күні сабағыма директор қатысқан. І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын үйге бергенмін. Сонда әлгі бала рұқсат сұрап, орнынан тұрды. Бүкіл поэманы жаттап келген сияқты. Жаңа сабағым бар өтетін, тоқтатпақшы болып едім, директор «айтсын» деп белгі берді. Кейін педкеңесте: «Балаға жүрек жылуын беріп, өзімен қатар сезінтіп, әдебиетке құштарлығын арттырып отырған жас маманнан үлгі алыңдар», – деген еді. Осындай оқушылар да өмірден өз орнын тауып, жақсы маман болды. Әскери саладан зейнетке шықты. Анда-санда бір көріп қалса, «мені қанаттандырған сіз ғой» деп жатады. «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, шынында да, ұстаздық – ұлы қызмет екеніне көзім жетті.

– Сөз соңында отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз. Шәкірттеріңізге бөлген жан жылуыңыздың көзі осы отбасыңыздың берекесі болар.

– Отбасымда жолдасым Аждаров Шамғын екеуіміз екі бала тәрбиелеп өсірдік. Ұлым – Медеу «Алма ТВ» компаниясында инженер-техник, келінім Әсел – балабақшада медициналық қызметкер. Сұлтан, Ахмет, Медина деген немерелеріміз бар. Қызымыз Меруерт Алматыда тұрады, ҚазҰТУ-ды бітірген. Күйеубаламыз Мұрат – компанияда бас энергетик. Әлинұр, Әміре, Әмина атты жиен немерелеріміз бар. Немерелердің үлкені 5-сыныпта, кішілері балабақшада.

– Нұргүл Абылқасымқызы, жүрекжарды сұхбатыңызға рақмет.

Сұхбаттасқан –
Еркеш Болатбекқызы,
«Филология» пәндік әдістемелік комиссия жетекшісі